

010000, Астана қ., Д. Қонаев к., 39

Қ.Р. Жоғарғы сотының торағасы
Жакип Кажманович Асановқа

Атырау облыстық сотының торағасы
Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа.

Атырау қалалық сотының торағасының
м.а. А.У. Салиховаға.

Байниязов Нуреден Кубашевичтен
тұрағы: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор посел-
кесі, №3-участок, №170-үй. зейнеткер.

Алғыс хат.

27.12.2018 жылы Атырау қалалық сотының судьясы К.М. Мақажановтың торағалығымен қаралған менің жауапкер «Альфа Банк» АҚ-на банктік қарыз шартын ішінара жарамсыз деп тануды, ақшаны қайтару туралы талап қою арызым бойынша азаматтық істі қарау кезінде торағалық етуші судья К.М. Мақажановтың бұрынғы заманғы билерден қалған өз мамандығының шебері ретінде біздерге ыждағаттылықпен қолданыстағы заң талабын мұқиятпен қазақ тілімен жете түсіндірудің нәтижесінде жасақталған татуласу келісімі мезгілді уақытында бекітілді.

Осыған ұйтқы болған 14.11.2018 жылғы «Егеменді Қазақстан» газетіндегі «Бітімгершілік - биік адамгершілік іс» атты сұхбаттағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының торағасы Жақып Асановтың «*Дауды шешудің ең тиімді әдісі - татуласу*» деген қанатты сөзінің Атырау облыстық сотында қаз қалпында орындалып қазіргі құқықтық мемлекетіміз дәуірінде мезгілді уақытында қажетті орнын табуы біздің зейнеткер жанұясына жаңа жылға үлкен сый болып, жанұя бюджетінің ұлғайғанына мәз болып, осы жөніндегі көптен бері уайым қайғымыздың кетіп, сот әділдігінің құдыретіне мәз болып, 2019 жылдың жаңа жылын берекелі де мерекелі дастарханмен соттарға ризашылығымызды білдіре отырып, тума туысқандарымызбен бірігіп, қарсы алдық.


Демек, Атырау облыстық сотында, сот әділдігі қаз қалпында облыстық тұрғындарының арасындағы зейнеткерлердің кеткен конституциялық құқықтырын қалпына келтіруде дауды шешудің ең тиімді әдісі- татуласу мәмлесі жоғары қарқынмен орындалып жатқаны байқалып отыр.

Олай болса, менің зейнеткер жанұям атынан Атырау облыстық сотының торағасы Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа және Атырау қалалық сотының торағасының м.а. А.У. Салиховаға ризашылығымызды білдіріп, үлкен рақыметімізді айтып, жаңа жылдарымен құттықтап, құқықтық мемлекетіміз аясында Атырау облыстық тұрғындарының кеткен конституциялық құқығын қалпына келтіруде үлкен жетістіктерге жетіп, елімізге елеулі судья болуларына тіліктеспіз.

Тілек білдіруш зейнеткер: 

Байниязов Нуреден Кубашевич

03.01.19.



1015